

«Бекітемін»

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы

Қарағанды ұлттық зерттеу

университеті КсАҚ

Басқарма Төрағасы-Ректоры

Н.О. Дулатбеков

2026 ж.



**Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетіне
(оқудың барлық деңгейлері үшін) талапкерлерге арналған әңгімелесу
БАҒДАРЛАМАСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Жоғары білімнің қысқартылған оқу мерзімін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша (3 ж., 2 ж.) оқуға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Университетке қысқартылған оқу мерзімін көздейтін (3 курс) жоғары білім кадрларын даярлаудың туыстас мамандықтар бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғаларды ақылы негізде қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады (ауызша әңгімелесу).

2. Шетел азаматтарын кадрларды даярлаудың барлық деңгейлеріне қабылдау әңгімелесу (ауызша әңгімелесу) нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

3. Мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде жжокбұ-ның қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады (ауызша әңгімелесу).

4. Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады (ауызша әңгімелесу).

2. Сұхбаттасуды ұйымдастыру тәртібі

1. Әңгімелесуді ұйымдастыру үшін Басқарма төрағасы – ректордың өкімімен комиссия құрылады.

2. Сұхбаттасу сұрақтары бекітіледі.

3. Сұхбаттасу ағымдағы жылдың 20 маусым мен 25 тамызы аралығында оффлайн немесе онлайн формата жүргізіледі.

4. Сұхбаттасудан өту үшін оқуға түсуші talapker.buketov.edu.kz жүйесінде тіркелуден өтеді. Сұхбаттасу оқуға түсушілердің білім беру бағдарламасының ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін, оқытудың барлық деңгейлері үшін білім беру бағдарламасының ерекшеліктері туралы бар білімдерін анықтауға бағытталған. Әңгімелесу нәтижелері бойынша оқуға түсуші білім беру бағдарламасына түсуге **ұсынылады/ұсынылмайды.**

5. Сұхбаттасу нәтижелері апелляцияға жатпайды.

6. Сұхбаттасу нәтижелері бойынша оқуға түсушінің жеке ісінде хаттамадан үзінді сақталады.

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы



А.Р.Барикова